



Автор: МУХАМЕДИЯРОВА ШЫНАР ЖАКСЫКЕЛЬДИНОВНА

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Заттар мен олардың қасиеттері

Тақырып: Заттардың қасиеті өзгере ме?

Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: Оқушылар ауаны қолданудың тәсілдерін, желдің маңызын, пайдасы мен зиянын түсінеді. Оқушылардың басым бөлігі: Ауаның ластану көздерін анықтап, ауа тазалығын сақтау жолдарын және оны тазарту шараларын ұсынады. Кейбір оқушылар: Заттың қасиеттеріне байланысты қолдану аясын анықтайды. Барлық оқушылар: Оқушылар ауаны қолданудың тәсілдерін, желдің маңызын, пайдасы мен зиянын түсінеді. Оқушылардың басым бөлігі: Ауаның ластану көздерін анықтап, ауа тазалығын сақтау жолдарын және оны тазарту шараларын ұсынады. Кейбір оқушылар: Заттың қасиеттеріне байланысты қолдану аясын анықтайды.
Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	1. заттардың қасиеттері мен оларды қолдану аясы туралы әңгімелейді; -ауаның орын ауыстыру үдерісін сипаттайды; -желдің пайда мен зиян тигізуіне мысал келтіреді; -ауаны ластауға мысал келтіріп, оны тазарту жолдарын сипаттайды.
Тілдік мақсаттар	1. Тілдік дағдылар: -заттардың қасиеттері мен оларды қолдану аясы туралы әңгімелейді; Терминология: Зат, дене, қатты, жұмсақ, мортсынғыш, иілгіш, борпылдақ, ғаламшар, ауа, тазалық; мөлдірлік, газдану; сақтау, жел, қозғалыс. Сөз тіркестері: Талқылау сұрақтары: Адам жанды табиғатта кездеспейтін заттарды неден жасайды? Түрлі заттарды жасағанда металдың қандай қасиеттерін пайдаланады? Неліктен ауасыз тіршілік ете алмаймыз? Ауаның таза болуы неліктен маңызды? Жел қалай пайда болады? Жел шаруашылыққа қандай зиян келтіреді? Ауа тұрмыста қалай пайдаланады?
Құндылықтарды дарыту	1. Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыстар	1. Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек.
АКТ қолдану дағдылары	1. Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім	1. Оқушылар заттарды шығу тегіне және агрегаттық күйіне қарай ажырата біледі. Ауаның қасиеттерін, кеңістікті толтырып тұратынын және жануды қолдайтынын біледі. Ауаның тіршілік үшін маңызын түсінеді.
Бастапқы білім	1. 4.3.1.1заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау 2. 4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Басталуы	1. Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Ғажайып жылулық шынжыры» жылулық шеңбері Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, жылы күлкілерін сыйлайды. Педагог күлкінің маңызына тоқтайды. Оқу құралдары арқылы (өшіргіш, қалам, қарындаш т.б.) ортаға бала санына қарай түрлі ручка, (қарындаш, өшіргіш) қойылады әр оқушы өзіне ұнаған түсті алады түстер бір-бірін тауып, бір топ құрайды Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау Қызығушылықты ояту «Өзіңе тілегенді басқаларға тілеңіз!» ойсергеі арқылы бастауға болады. Сабақ тақырыбы мен күтілетін нәтижені оқушылар болжайды.	https://castlots.org/razdelit-na-gruppy/
Ортасы	5e1ead2cc765e1ead31ecc3b.png Image not found: empty file, no type known Пиктограмманы оқы Негеш әжесі дайындаған тосаптың жасалу жолын пиктограммалармен көрсетті. Пиктограммаға қарап, құлпынай тосабын дайындау үдерісін айтып бер. Дескрипторы: заттардың қайда қолданылатынын біледі; заттардың қалай өзгеретінін, оған не әсер ететінін түсінеді. Заттар түрлі үдеріс кезінде басқа заттарға айналады. Ол үшін заттарды араластырады, қыздырады, ерітеді. Кейбір заттар араласқан қоспаның құрамында болса да, қасиеттерін жоғалтпайды. Ал кейбір заттар басқа заттармен әрекеттесіп, өз қасиеттерін жоғалтады немесе өзгертеді. Олар бастапқы қалпына келе алмайды. Адамдар заттарды қосу, араластыру арқылы заттың қасиеттерін жақсартуды, құрамын өзгертіп басқа заттар жасауды үйренді. Image not found: empty file, no type known	
Аяқталуы	1. Сүттен не жасалады? Сүттен не әзірленетінін білесің бе? Негеш пен Эврика сызбасын сызды. Қай кезеңде сүттің қасиеті өзгереді? Қай кезеңдерде жаңа зат пайда болады? 5e1eadff57163.png 5e1ead9554f3a45b1e969ad94a.png Image not found: empty file, no type known	Zerekseliqi@gmail.com
Қорытынды бағамдау	1. Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?	